

# Дарынды жазушы, дара тұлға

Нағыз талант таңдай атқан нұрланып,  
Бір-бір жұлдыз ел көгінде тұр жанып.  
Әруақ боп арамызда жүр бүгін,  
Отыз бесте қыршын кеткен Нұрманов  
Ж. СӨМЖҮРЕК.

**Торғай киелі жер текті мекен!  
Шетсіз-шексіз сары дала,  
адыр алаңқаймен емес, ежелгі  
қойнауы толы тұнған тарихи  
шежіресімен, көркем сөзімен  
танылатын Торғай, арғы жағы  
Шақшақ Жәнібек баба, Шоң  
би мен ер Жәукенің, бергісі  
Ыбырай мен Қыпшақ Сейітқұл,  
Аманкелді мен Міржақып,  
Сырбай мен Ғафу, Кейкі мен  
Ақанның алтын бесігі. Бұл  
есімдердің қай-қайсысы да  
Торғай тағдырын ту ете алары  
анық...**

Қасиетті мекенде туып - өскен, өнер көгінде өзгеше сипатты, кесек туынды жасаған тұма талант Ақан Нұрманов. Қаламгердің өмір соқпағы да , шыққан тегі де, бөлек еді. Болмысы бөлек текті

талант 35 жыл ғана ғұмыр кешті. Ол осы найзағайдай қысқа ғұмырында «Құланның ажалы», « Солай болған екен», «Аққу шоғыры», «Ор», «Ымырт», «Күзде ашылған гүл», «Әке», «Айнакөлдегі түн», «Жақсы апа» секілді 30 дан астам әңгімелерін жазып қалдырды. Оның бұл шырайлы шығармаларын рухтас замандастары «Салқын сабырға,салиқалы сырға, байсалды ойға толы» деп бағалаған еді.

Аз ғұмырда көптің есінде қалған дара қаламгеріміздің туғанына 90 жыл толып отыр. Осыған орай облыстық №2 әмбебап-ғылыми кітапханасында «Дарынды жазушы, дара тұлға» еске алу кеші өткізілді.

Таңдаулы 100 романының бірі «Құланның ажалы» романының авторы жерлесіміз Ақан Нұрмановтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған кешімізге Арқалық қаласының әкімі Әмірхан Біркенұлы, қаламгердің замандас достары Кәки Шәріпұлы, Хамит Кәмәлиұлы, қаламыздың ардагерлер ұйымының төрағасы Жәнібек Ғапбасұлы, белгілі ақын Молдатай Жапаров, сонымен қатар Арқалық педагогикалық институтының доценті, ақантанушы Ардақ Әмірханқызы, Арқалық педагогикалық институты

филология факультетінің деканы , белгілі айтыскер ақын Айбек Киикбайұлы өз естеліктерімен бөлісіп, қаламгер жайлы жылы лебіздерін білдірді.

Сондай-ақ Ақан Нұрманов атындағы орта мектебінің оқушылары еске алу кешіне ат салысып, жазушының шығармаларына тоқталып өтті. «Құланның ажалы қалай жазылды» тақырыбында және «Аққу шоғыры» әңгімесіне сыни талдау жасалды, Кейкі монологы оқылды. Кеш күмбірлеген күй, әсем ән, бейнебаяндармен өрнектеліп, қаламгер жайлы сыр шертіліп, зиялы қауымның ізгі тілек, алғыстарымен қорытындыланды.

Шығармаларының желісі ширақ, көркемдік эстетикалық әсері айшықты, артына мол мұра қалдырған жазушылардың бірі де біргеіі Ақан Нұрманов қазақ әдебиетінде өз қолтаңбасы қалған қарымды қаламгер. Әсіресе «Құланның ажалы» романы жазушының шығармашылық көкжиегін нұрландырып кетті. Ақан өзгені де,өзін де қайталамаған қаламгер ретінде жүрегімізде жатталып қала бермек.

**Гүлназ ЖАҚИЯ,  
Облыстық №2 әмбебап-ғылыми  
кітапханасының қызметкері**